

КИБЕР ҚАУІПСІЗДІК

ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК
НЕГІЗДЕРІ





КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

Интернеттегі қауіпсіздік негіздері

Безендірген
Зубарева Елена

Астана
2023

УДК 159.9

ББК 88.1

К 38

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Автор: Айтмухамбетов Е.А.

Киберқауіпсіздік. Интернеттегі қауіпсіздік негіздері. — Астана:

«Bilim Foundation» КК, 2023. — 36 б.

ISBN 978-601-7638-63-4

«Киберқауіпсіздік. Интернеттегі қауіпсіздік негіздері» кітабында интернет кеністігіндегі қауіпсіздік мәселелері қарастырылған. Әлеуметтік желіге ақпаратты жүктеудің қауіпсіз жолдары, цифрлық дағдыларды қалыптастыру және ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар берілген.

Кітап жасөспірімдерге және олардың ата-аналарына арналған. Қосымша тәжірибелік нұсқаулық ретінде мектеп психологы қолдана алады.

УДК 159.9

ББК 88.1

К 38

ISBN 978-601-7638-63-4

© «Bilim Foundation» корпоративтік қоры
Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.

Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарату немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.

Мазмұны

Құрметті оқырман!.....	8
Тегін Wi-Fi.....	9
Психолог жазбалары.....	15
Бас айналдырар арман.....	17
Психолог жазбалары.....	24
Туін ұстап алдым.....	26
Психолог жазбалары.....	34
Авторлар мен безендіруші туралы.....	35

Құрметті оқырман!

Біздің ұйымдастырушы топ сенін «Кибер-қауіпсіздік» атты кітабымызды қолына алғанына қуанышты! Бұл кітаптан сен қазіргі виртуалды әлемнің барымтасына айналған және содан зиян шеккен балалардың қызықты әңгімелерін оқи аласың. Бұл әңгімелерді сенін өзіне ұқсас құрдастарың баяндайды, сен оларды тануың да мүмкін. Біз бұл әңгімелерді саған көмектесу үшін, сен күтпеген жерден пайда болатын қауіптерден сені сақтандыру үшін жинадық. Ал егер сен осыған ұқсас оқиғалардың шырмауына түскен болсаң және жағдайыңмен бөлісуге ешкімді таппасаң, тығырықтан шығар жолды осы кітаптан іздеп, таба аласың.

Мұндағы оқиғалар мен психологтің пайымдарына баса назар аударатын болсаң, өмірінде қолдануға болатын жана тәжірибе ала аласың және соны қолдана отырып, өмірдің барлық саласында жетістікке жете аласың.

Тегін Wi-Fi

16 жаска толғанымда ата-анам маған арманымдағы ұялы телефонды сыйға тартты. Менің достарымның көбінде айфон баяғыдан бар еді. Мен де сондай телефонды армандайтын едім. Себебі айфонның графикасы керемет және ойын ойнауға өте ынғайлы.

Мен қатты қуандым. Ұялы телефонымды тезірек іске қосуға асықтым. Қолыма телефонды ұстап алып, сағаттап отырдым: өзіме ұнайтын ойындарды, әлеуметтік желілерді және сол сияқты әртүрлі қосымшаларды жүктеп алдым. Шынымен де, айфонда барлығы өзгеше. Үйде барлық қосымшаларды тегін Wi-Fi арқылы жүктедім. Ал үйден шыққанда, ғаламторға қалай кіремін деп ойлады. Сондықтан өзіме ынғайлы тариф іздеп, қарастыра бастадым. Ақырында біреуіне тоқтап, соны қосып алдым. Бұл өте арзан тариф болып шықты және де оған көп бірлік те керек емес екен. Үйден шыққанда да маған ғаламтор қажет болатындықтан, ойланбай сол тарифке қосылған едім.

Біз жігіттермен бірігіп, телефонда әртүрлі топтық ойындарды ойнағанды жақсы көретінбіз. Сабактан кейін жиі мектепте, не басқа жерде сол ойындарды ойнау үшін қалып жиналатынбыз. Бірақ менің түсініксіз тарифімнің арқасында ұялы телефондағы ғаламтор тез бітіп қалатын болды. Достарымнан ғаламторынмен бөліссенші деп өтінуге тура келетін. Ал кей жерде тегін Wi-Fi болатын, сол мені құтқаратын десем де болады.

Достарымның ғаламторы арқылы отырғанда, кейде әлеуметтік желілерге де кіретінмін: өзімнің логинім мен кілт-сөзімді теретінмін. Одан кейін, әрине, бәрін өшіріп шығатынмын. Жігіттермен осылайша жиі жиналып тұратынбыз. Сабактан кейін бос уақытымызды осылай өткізетін едік.



Бір күні, шамамен екі жұма уақыт өткеннен кейін, сабақтан сон жігіттермен ойын ойнап, үйге келдім. Әдеттегідей әлеуметтік желілердегі паракшаларыма кіріп, почтамды

тексере бастадым. Бір уақытта маған бір бейтаныс жігіттен хат келді.

- Өзіне көп алады екенсің! Қайдан ғана пайда болдың? Байқап сөйле, әйтпесе сені тауып алып, бірге-бір шығарып, өзінді танымастай етіп өзгертіп жіберемін!

Төбемнен жай түскендей болды. Не болып жатқанын түсіне алмадым. Хатты ашып, бір сұмдықтың болғанын аңғардым. Менің атымнан біреу отырып, басқаларға неше түрлі жаман нәрселерді жазғанын бірден түсіндім. Мысалы, мен осы жігіттің фотосының астына былай деп жазыппын-мыс:

- Не деген қорқыныштысың! Анда-санда жуынып тұрсаң болады ғой, әйтпесе түрің үйі жоқ адамға ұқсайды.

Бұны оқып, қатты тандану үстінде болдым. Бұлай жазу кімнің ойына келуі мүмкін, сондай-ақ менің атымнан!? Бірінші ойыма келгені - достарым болды. Мүмкін мен олардың телефондарында отырғанда, желіден шықпай, паракшам ашық калып кетіп, олар мені мазак етпек болып жазып отырған шығар деп ойладым. Шынына келгенде, біз бір-бірімізді мазак етіп ойнайтын едік. Бірақ олар дәл мұндай жамандыққа бармас еді ғой. Мен оған сенімдімін.

Менің атымнан жазған хатты алған балаға бірден жауап жазып жібердім:

- Братан, кешір! Шынымен де, не болып жатқанын білмеймін? Саған бұнын алдындағы сұмдықтарды жазған мен емес, менің атымнан біреу кіріп, жазған көрінеді. Тағы да кешірім сұраймын.

Содан кейін достарыма жаздым:

- Жігіттер, менде бір келенсіз жағдай орын алды. Біреу

ТЕГІН WI-FI

әлеуметтік желідегі паракшамда менін атымнан отырып, адамдарға неше түрлі сұмдық нәрселер жазыпты, енді не істесем болады?



Достарым маған дереу логинім мен кілт-сөзді өзгерт деп кенес берді. Мен олардың айтқанын бірден орындадым. Бірақ мұндай сұмдықтың қайталанбайтынына сенімді болуым керек қой. Маған менін атымнан кімнің отырғанын - бұл біріншіден, екіншіден, не себепті бұлай істегенін, үшіншіден, бұны қалай жасағанын анықтау керек болды.

Мен ғаламторды актарып, паракшамды қандай жолмен ашып алуы мүмкін екенін анықтай бастадым.

Бір мазасыз күйде отырдым, себебі мұның бәрі аяқ астынан

болды. Осы уақытқа дейін менің атымнан біреу кіріп, мен танымайтын адамдарға жаман нәрселер жазуы мүмкін екені ойыма да келменді. Ол адамдардың алдында қатты ұялдым, сол уақытта өзімді дәріменсіз адамдай сезіндім, өйткені бұл жағдай орын алды және менің қолымнан ештеңе келмеді.

Ғаламторды ақтарғанымда көп жердегі ақпарат бойынша, мен жай ғана басқа телефоннан кіріп, өз паракшамды жаппай, ашық күйінде қалдырып кеткенмін. Алайда достарымның сөздеріне сенсек, олардың ешқайсысында ашық қалып кеткен паракшам болған жоқ. Содан кейін достарымның біреуінің үлкен ағасы «айтишник» екені есіме түсіп кетті. Ол техниканы бес саусағындай жақсы біледі. Сондықтан соған хабарласып, бәрін сұрастыра бастадым.

Ол біреудің паракшасын тегін Wi-Fi арқылы да ашып алуға болатынын айтты. Бір хакер тегін кіру желісін ашса, барлығы оны тегін Wi-Fi деп ойлап қолдануы мүмкін екенін де сөз етті. Ал шынына келгенде, олар оның ноутбугіне қосылады. Хакер болса соны пайдаланып, сенің телефоныңдағы барлық ақпаратты ұрлап ала алады. Біз достарымызбен тегін Wi-Fi бар жерге барып отырғанда дәл осы жағдай орын алған сияқты.

Ол адамды мен сол күйі таба алмадым. Менің досымның ағасы да сол. Бірақ менің атымнан жаман хаттар алған адамдардан қатты ұялдым. Бәрінен кешірім сұрай бастадым. Содан кейін тегін Wi-Fi-дің қауіпсіздігін тексеріп тұру керек екені жайлы пост жаздым. Өйткені кез келген адам кафеде рақаттанып шай ішіп отырып, өзінің телефонындағы ақпараттарды ұрлатып алуы мүмкін, соның ішінде ең жаманы: банктік шоттарын да жоғалтып алулары әбден мүмкін.

Басымнан өткен осы оқиғадан кейін тегін Wi-Fi пайдаланарда ұқыпты болу керек екенін, біреу сенің телефонына қосылып, одан ақпарат тартуы мүмкін екенін түсіндім. Менінше, менің

ТЕГІН WI-FI

жолым болды, бұдан да сорақысы болуы мүмкін еді. Мен сонда да қатты уайымдадым. Үйіме бөтен біреу кіріп кеткендей күй кештім. Содан кейін досымның ағасынан тегін Wi-Fi пайдаланғанда өзімді қалай қорғай алатынымды сұрадым. Қазіргідей техникалық-ғылыми прогресс дамыған заманда компьютерді, ғаламторды дұрыс пайдалана білген адам өзінің қауіпсіздігін де ойлаған маңызды.



Психолог жазбалары

Көбіне виртуалды кеністік бізге көптеген қосылыстар, өзара әрекеттесулер, өзара әрекеттесу үлгілері бар үлкен веб сияқты көрінеді. Біздің қазіргі өміріміздің көп бөлігі дәл осы ғаламторда өтеді. Онда біз әрқайсымыз бір емес, бірнеше өмір сүреміз деп те айта аламыз: желілерде әртүрлі атаулармен тіркеліп, өмірдің жана тарихын ойлап табамыз немесе ойын кейіпкерлері мен виртуалды кейіпкерлердің аркасында жана тәуелсіз өмір жасаймыз. Алайда нақты әлемде ғана емес, виртуалды кеністікте де біреуге зиян тигізгісі келетін, проблемалар туғызғысы келетін немесе жаман істер арқылы өздерінің артықшылығын көрсеткісі келетін адамдар да бар. Бұл сен немесе сенің достарың бұл адамға зиян келтіргендіктен емес. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, көбіне жеке басының проблемалары бар адамдар, қоғамға бейімделе алмаған, өз-өзіне сенімді емес, өз өмірлеріне қанағаттанбаған адамдар виртуалды әлемде басқаларға зиян келтіру арқылы өздерінің наразылықтарын көрсетеді. Алайда, біз қазір желідегі зиян келтіргісі келетіндерге ұзақ тоқталмай-ақ қояйық, одан да ғаламтордан қызығушылық пен ләззат күте отырып, біз жиі ұмытып кететін қауіпсіздік туралы көбірек сөйлесейік. Қоршаған әлемін енді ғана танып бастаған кішкентай балаларға назар аударсаң, оларды ешқандай кедергілер тоқтатпайтынын байқайсың. Олар ештеңеден қорықпайды, себебі алдарынан қауіп төндіретін жайттар күтін тұруы мүмкін екенін білмейді. Сол сияқты біз де виртуалды әлемде бізді күтін тұруы мүмкін қауіптерді аңғармаймыз, кішкентай балалар сияқты бәрін зерттеуге және бізге ұнайтын нәрселерден барынша әсер алуға талпынамыз. Өкінішке орай, біздің миымыздың ерекшелігі сондай: жана және қызықты нәрсені танып-білуде алда кездесуі мүмкін қауіп туралы ойланбайды да, оны қабылдамайды да, тек алға қарай жүруге ұтырмелейді. Сол себепті көптеген адамдар хакерлік шабуылдардың барымтасына айналады, тәуелсіздігін

ПСИХОЛОГ ЖАЗБАЛАРЫ

жоғалтады және виртуалды тұлға атынан өмір сүреді. Осылайша шынайы өмірдегі қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады, өйткені біз көбіне әлеуметтік желілер мен ғаламтор арқылы сөйлесеміз. Бұған жол бермеу үшін жана таныс емес желіге тіркелгенде, жана қосымшаны немесе ойынды жүктегенде, электрондық құрылғыда деректерді сақтаған кезде немесе желідегі деректерінмен бөліскенде алдыннан шығуы мүмкін барлық қауіптермен мұқият танысып алу керек. Ал егер дәл қазіргі уақытта өзінді қорғай алмаған болып шықсаң, біздің басты кеңісшіміз сияқты, ренжімей, өзінді ұстап, ен алдымен не істеу керек екенін ойлап, содан кейін назарыңды не істей алатынына аудар. Жана технологиялар мен виртуалды әлемді жақсы білетін адамдармен таныс болсаң, олардан көмек сұра, өзіннің қандай жағдайға тап болғанын жайлы егжей-тегжейлі айтуға қорықпа. Өкінішке орай, осындай күрделі жағдайға тап болған жалғыз сен ғана емессің, сондықтан оқиғаның егжей-тегжейлері қауіпсіздік бойынша жоспарды дұрыстап отырып әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектеседі. Егер бұл болып жатқан жағдай сенің өміріңе және қауіпсіздігіңе қауіп төндірсе, міндетті түрде ата-ананмен бөліс. Өйткені олардың саған өзінді, өмірінді және барлық болмысыңды сақтауға көмектесері анық. Олармен сөйлесуден қорықпа, олардан сені мұқият тыңдауларын сұра, ақталма, болғанның бәрін анық және дәл айтып бер. Олар саған ренжуге құқылы, алайда сенің алдын ала бәрін нақты түсіндіріп бергенін олардың кейінірек және басқа біреуден естігенінен әлдеқайда жақсы. Жауапкершілікті толықтай өз мойнына алғанда ғана, бұл жағдайдан атына кір келтірмей шыға аласың.